

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
ҚОРҚЫТ АТА атындағы ҚЫЗЫЛОРДА МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ



«БЕКІТЕМІН»
Қорқыт Ата атындағы ҚМУ
ректоры, ф.ғ.к. _____
Б.С. Кәрімова
«16» 03 2020 ж.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің
қашықтықтан білім беру технологиясын қолдану арқылы қашықтық
режимінде оқу процесін ұйымдастыру және өткізу бойынша

АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТЫ

Қызылорда, 2020 жыл

1 ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ҚАШЫҚТЫҚ РЕЖИМІНДЕ ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-де қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы оқу процесін ұйымдастырып, өткізу мақсатында университетте бірыңғай ақпараттық жүйе Платонус (<http://platonus.korkyt.kz/>) қолданылады. Платонус АЖ-не тіркеліп, қолжетімділік алу үшін университеттің оқытушылары мен білім алушылары тіркеуші-офис берген логиндермен және паролдермен қамтамасыз етілген, (Платонус АЖ-де жұмыс істеуге арналған нұсқаулықты қараңыз).

Сонымен бірге, университеттің оқытушы-профессор құрамы қашықтықтан білім беру технологияларынан басқа платформаларын пайдалануға құқылы (Google Classroom АЖ-де жұмыс істеуге арналған нұсқаулықты, ZOOM платформасында жұмыс істеуге арналған нұсқаулықты қараңыз).

Университетте ОПК мен білім алушылардың мәліметтерінің толық базасы бар, онда WhatsApp, Telegram мессенджерлеріне шығатын байланыс телефондары, электронды пошта адрестері, Instagram, ZOOM платформасында сәйкестендіру номерлері, Google Classroom платформасында курстардың кодтары көрсетілген.

Академиялық саясат басқармасы қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы оқу процесін ұйымдастыру бойынша алгоритм әзірледі (Платонус АЖ-де жұмыс істеу алгоритмін қараңыз).

Оқытушылардың қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы қашықтық режимінде оқу сабақтарының барлық түрлерін өткізу сапасын және білім алушылардың контенттерге толық қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында институт директорлары, кафедра меңгерушілері мен оқытушы-профессор құрамы бекітілген мерзімде Платонус АЖ-не силлабустарды, ПОӘК, лекциялар тезистерін, презентацияларды, тапсырмаларды, практикалық, зертханалық жұмыстарды, БАӨЖ мен БАӨЖ орындау бойынша әдістемелік ұсынымдарды жүктеуді қамтамасыз етеді.

Платонус АЖ-де оқытушылар бекітілген кестеге сәйкес оқылатын пәндер бойынша білім алушылардың білімдеріне ағымды аттестаттау баллдарын қоюға міндетті; университеттің E-Univer АЖ-де күнделікті сабаққа қатысудың электронды журналын толтыруы тиіс.

Әзірленген алгоритмге сәйкес, Академиялық саясат басқармасы оқытушылардың қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы

қашықтық режимінде оқу сабақтарын өткізу сапасын қамтамасыз етуіне мониторинг жүргізеді.

Академиялық саясат басқармасы оқытушылар мен білім алушылар үшін қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы жұмыс істеуге оқытатын семинарларды тұрақты түрде ұйымдастырады.


Қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы оқу процесін жүзеге асыру барысында оқытушылар мен білім алушылар тиісті кодекстерде көрсетілген академиялық адалдық әдептері мен нормаларын қадағалауға міндетті.

Білім алушылармен кері байланыс ұйымдастыру мақсатында тәрбие және жастар саясаты басқармасының қызметкерлері қашықтықтан білім беру технологияларын іске асыру мәселелері бойынша апта сайын онлайн-кездесулер, онлайн-әңгімелесулер, онлайн-сауалнамалар ұйымдастырып отырады.

Аралық бақылау өткізу СӨЖ бекітілген кестесіне сәйкес жүргізіледі. қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы оқыту кезінде аралық бақылаулар мен емтихандар жазбаша түрде өткізіледі. Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін объективті бағалау ҚББТ қолдану арқылы аралық бақылаулар мен емтихандар тапсыру кезінде оқытушылармен Платонус АЖ платформасы мен ZOOM бағдарламасын пайдалану арқылы қамтамасыз етіледі.

Ректордың 13.03.2020ж. № 302-с бұйрығына сәйкес университеттің әскери кафедрасындағы оқу процесі қашықтықтан білім беру технологияларын қолданып оқытуға көшірілді. Әскери кафедрадағы оқу сабақтары бекітілген кестеге сәйкес Қорқыт Ата атындағы ҚМУ E-Univer АЖ платформасында өткізіледі.

Оқу-әдістемелік жұмыстар
жөніндегі проректор



А.Т. Жүнісов

Академиялық саясат
басқармасының басшысы



Ж.М. Майгельдиева